



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісі**

2023 жылғы 18 қаңтардағы
№ДС-16 хатқа

Мүгедектігі бар азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсету туралы депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Мүгедектігі бар балаларға берілетін мемлекеттік жәрдемақының мөлшерін арттыруға қатысты

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 8,5 %-ға (2022 жылы екі рет 1 қаңтардан – 5 %-ға, 1 сәуірден – 4 %-ға) арттырылды.

Мүгедектігі бар балалар мен оларды тәрбиелеп отырған отбасылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында қолданыстағы заңнамаға бірқатар өзгерістер енгізіледі.

Атап айтқанда, 2021 жылы мүгедектіктің себебіне қарамастан, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға күтім жасайтын адамдарға арналған жәрдемақылар енгізілді, 7 жастан 16 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу жүргізілді, нәтижесінде әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ұлғайды.

Сонымен қатар, 2022 жылғы 27 маусымда мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған денсаулық сақтау ұйымдарында оларға бірінші кезекте қызмет көрсету құқығын айқындау, мүгедектігі бар баланы санаторий-курорттық емделуге алып жүретін заңды өкілдердің біріне емделу құнын өтеу (70 %-ы мөлшерінде), медициналық-әлеуметтік сараптамадан сырттай өту мүмкіндігі және тағы басқа өзгерістер енгізілді.

Осылайша, мемлекет тарапынан мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде және бұл бағыттағы жұмыстар Әлеуметтік кодекс жобасы шеңберінде жалғасатын болады.

Ауылдарда қажетті мамандарды тарта отырып, мүгедек балалармен айына бір рет толық тексеріс өткізуге қатысты

Бүгінгі таңда халықтың әлеуметтік осал санаттарына медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) толық көрсетіледі.

Осы санаттағы адамдар үшін, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар үшін МӘМС жарналарын мемлекет жүзеге асырады, сондай-ақ олар сақтандырылған адамдармен тең дәрежеде МӘМС топтамасына медициналық көмекке толық қол жеткізе алады.

Оларға МӘМС жүйесінде барлық медициналық көмек қолжетімді.

Сонымен қатар, клиникалық-зертханалық көрсеткіштерге және денсаулық жағдайына сәйкес негізгі аурулар бойынша динамикалық бақылауда тұрған мүгедектігі бар адамдар тексеруден, қосымша тексеруден өтуге және басқа да медициналық қызметтерді алуға құқылы.

Осыған байланысты мүгедектігі бар адамдарға ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде толық көлемде медициналық көмек алуға барлық құқықтар көзделген.

Мүгедектігі бар балаларды жергілікті атқарушы органдар тарапынан мемлекеттік немесе жеке балабақшаларға тегін, кезексіз орналастыруға қатысты

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін балалар, мүгедек баласы бар отбасындағы балалар мектепке дейінгі ұйымдардан бірінші кезекте орын алуға үміткер болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы) мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ана баланың тамақтануына кететін шығынның 100 %-ын төлейді.

Мүгедектігі бар жолаушыларға ішкі және халықаралық рейстерге тұрақты негізде 50% жеңілдік беруге қатысты

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мүгедектігі бар жолаушыларға отандық авиакомпаниялардың ішкі және халықаралық рейстеріне жеңілдік беруді қаржыландыру мәселесі субсидиялау арқылы қарастыратын болады.

Жалпы мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Көлгінов